Бүгінде тілдердің көпшілігі бойынша бар оқу-әдістемелік кешендерде оқыту мазмұнын әлеуметтік-мәдени компонентпен толықтыру бойынша толық бағдарлама болмағандықтан, шеттілдік мәдениеттің бір бөлігі ретінде шет тілін меңгеру нәтижелерінің сәтті болуы көбінесе оқытушының кәсіби дайындығына (оның елтанушылық материалды қаншалықты меңгергеніне және оны жұмыста қаншалықты тиімді пайдаланатынына) байланысты.

Осыған орай тәжірибенің барлық кезеңдерін өткізіп сабақтардың нәтижелерін шығаруды ұйғардық. Лингвистикалық-елтанушылық материалдардың студенттердің әлеуметтік-мәдени білімін арттыруға, шет тілін үйрену мотивациясын көтеруге ықпалы зор деген тұжырымға келдік. Француз және испан тілдеріндегі сөйлемдердің грамматикалық жағынан дұрыс құрылуына ерекше назар аударылды: қателердің бар-жоғы, сөздердің дұрыс орналасу тәртібі, сөйлемнің құрылысын сақтау. Біздің міндетіміз зерттеу жүргізгеннен кейін шет тілін үйрену мотивациясының қандай деңгейге жеткенін анықтау және анықтау тәжірибесі мен бақылау тәжірибесінің нәтижелерін салыстыру болды.

**Кіріспе.** Түрлі оқу орындарында түрлі оқыту стратегияларының тексеріліп жатқаны – өте маңызды қадам. Себебі әдістемелік шешімдердің балама нұсқалары неғұрлым көп болған сайын жалпы пәнді оқыту жолдарының жаңа түрлерін іздеу соғұрлым нәтижелі болмақ. Бұл ретте шет тілдерін

оқытудағы түбегейлі өзгерістердің негізгі мәселесі – оқыту мақсатын, сондай-ақ соған сай оқыту мазмұнын анықтау мәселесі. Оларды анықтаған кезде тек тілді ғана емес, сонымен қатар шеттілдік мәдениетті оқыту идеясы ең тиімді жол болып табылады. Бір жағынан, оқыту мақсаты көпшіліктің әлеуметтік сұранысын көрсетіп, көпшіліктің басты қажеттіліктерінен туындаса, екінші жағынан, осы оқыту мақсатының өзінен бүкіл оқыту жүйесі туындайды, оқыту мазмұны да, оны ұйымдастыру жолы да айқындалады [3].

Бұл бағыттың коммуникативтік жағының күшеюі шет тілін оқыту мақсаттарының түрі мен оқыту мазмұнының түрі өзгеруінен байқалады. Осы салада көп зерттеу жүргізген орыс ғалымы Е.И. Пассов пен басқа да зерттеушілер мынадай жүйелілікті алға тартады: шет тілін оқыту; шет тілінде сөйлеуді үйрету; шет тілінде сөйлеу әрекетін үйрету; қарым-қатынасқа үйрету.

Оқыту процесінің барлық аспектілері тең дәрежеде қарастырылса ғана, яғни тіл үйренушінің жеке тұлғасының қалыптасуында маңыздылығы тең болса ғана шет тілі оқу пәні ретінде өз қызметтерін толық орындай алады [4].

Прагмалингвистика деректерінің негізінде және шет тілінің әлемдік қауымдас-тықтағы қарым-қатынас жасау және өзара түсінісу құралы ретінде өзгергенін назарға ала отырып, қазіргі әдістемеді тіл үйретудің прагматикалық аспектілерін күшейту қажет екені ерекше аталып өтеді. Бұл дегеніміз, оқытқан кезде шет тілінде қарым-қатынас жасауды меңгеруде сапалы нәтижелерге қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар шеттілдік мәдениетті үйренудің және сол тілде сөйлеушілерді танудың нақты жолын іздеу маңызды деген сөз. Бұл жерде тек тіл білу ғана емес, тілді нақты қарым-қатынас барысында пайдалана алу, яғни тілді іс жүзінде меңгеру, демек, «прагматикалық мәдениетті

таралық құзыреттіліктің» дамуы туралы сөз болып отыр.

Жалпы, шет тілін үйрену деңгейінің стандарты бойынша тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігінің қалыптасуы әлеуметтік-мәдени және елтанушылық біліммен де тығыз байланысты. Әлеуметтік-мәдени білімсіз тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігі қалыптаспайды. Тек түрлі формадағы (соның ішінде тіл түріндегі) мәдениет қана адамның жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал етеді [4]. Пассов оқыту мазмұнының ажырамас компоненті ретінде жаңа «шеттілдік мәдениет» терминіне анықтама береді. Тіл үйренушінің шет тілін оқу, танымдық, дамытушы және тәрбиелік тұрғыдан меңгеру процесін туғыза алатын дүниелердің барлығын шеттілдік мәдениет деп түсінеміз.

Бұл ретте шеттілдік мәдениетті оқыту тұлғааралық қарым-қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар тілін үйреніп жатқан елдің мәдениеті (тарихы, әдебиеті, музыка өнері және т.б.) туралы білімге, тілдің құрылымы, жүйесі, сипаты, ерекшеліктері туралы және т.б. білімге ие болу арқылы жеке тұлғаның рухани дүниесін байыту құралы ретінде де пайдаланылады.

Қазіргі әдістемелік зерттеулер шет тілін елтану тұрғысынан оқытуға негізделеді [5, 6, 3]. Бұл ретте елтанушылық лексика (Е.М.Верещагин мен В.С. Костомаровтың термині бойынша фондық және эквивалентсіз лексика), тілін үйреніп жатқан елдің өмірінің сан түрлі қырларын, тарихын, әдебиетін, ғылымын, өнерін (И.Л. Бим), сондай-ақ салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын қамтитын елтанушылық мәліметтер ерекше атап көрсетіледі.

**Материалдар мен әдістердің сипаттамасы.** Қазіргі таңда тілін үйреніп жүрген елдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері туралы білмей, халықаралық қарым-қатынас құралы ретінде шет тілінде сөйлеуді меңгеру мүмкін емес екендігін жалпы көпшілік

мойындады. Шет тілін оқытудағы коммуникативтік-әрекеттік және лингвистикалық-елтанушылық бағыттар бір-біріне өзара негіз болады және тығыз байланысты. Шет тілін оқытудағы лингвистикалық-елтанушылық аспектіге тән белгі – сол елдің қазіргі өмір салтына қатысу. Қазіргі әдістемеді лингвистикалық-елтанушылық бағыт оқытудың маңызды құралы ретінде қаралады. Ол лексикалық және грамматикалық білімді бекіткен кезде есте сақтау нәтижесін шынымен арттырады, сөйлеуге және оқуға үйрету процесіне көмектеседі, мағыналық жағын алдын ала түсіну қабілетін дамытады. Елтанушылық, мәдени ақпараттың тіл үйренушілердің тұрақты қызығушылығын тудыруға қажетті әлеуеті зор. Соңғы онжылдықта оқулықтардың авторлары мен құрастырушылары осы әлеуетті кеңінен қолданып жүргенін айтып өту қажет. Оқу құралдарында мәдениеттанушылық және әдеби сипаттағы ақпараттар елеулі түрде көбейді. Ал білім берудің жаңашаландырылуына сәйкес елтанушылық сипаттағы ақпараттар қамтылған бейнефильмдерді және түрлі шет тілдеріндегі сайттарға сілтемелерді оқу орталықтары шығара бастады, оларды оқытушылар пайдаланып жүр.

Негізгі объект тілін үйреніп жатқан ел емес, сол тілде сөйлеушілердің жалпы білімі, олардың қарым-қатынас барысындағы тілдік емес әрекеті, олардың жалпы мәдениеті болғандықтан, шет тілін оқытудың әлеуметтік-мәдени компонентін енгізу жөн болмақ. Әлеуметтік-мәдени компоненттің негізінде тіл үйренушілердің тілін үйреніп жатқан елдің әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрі туралы білімі қалыптасып, мәдениеттер диалогына қосылып, жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуындағы ұлттық мәдениеттің жетістіктерімен танысады.

Студенттердің лингвистикалық-мәдени құзыреттілігін қалыптасу деңгейін бастапқы тексеру және талдау нәтижелерінің негізінде сабақтар дайындалған. Елтанушылық ре-

алияларды толық меңгерген жағдайда ғана лингвистикалық-елтанушылық аспект студенттердің тіл үйрену мотивациясын көтеруге мүмкіндік беретіндіктен, ең алдымен студенттердің жас ерекшелігі үшін ең маңызды деген материалды, яғни ең аз көлемдегі лингвистикалық-елтанушылық материалдардың таңдадық. Оған «Тілін үйреніп жүрген елдің ұлттық өнері, мейрамдары мен дәстүрлері» мәтіні мен бейнежазбасы, «Шетелдегі құрдастар айналысатын спорт түрлері» мәтіні, «Тілін үйреніп жүрген елдің ұлттық қаһармандары», «Тілін үйреніп жүрген елдің тарихы» мәтіндері, «la Marseillaise», «Guantanamo» әндері, «massaget.kz» сайтының «Саяхатты сүйемін» айдарынан қазақша және [www.memorysecrets.ru/teksty-na...iazyke-s.../teksty-na-francuzskom-iazyke.html](http://www.memorysecrets.ru/teksty-na...iazyke-s.../teksty-na-francuzskom-iazyke.html) ([proespanol.ru/practica/topiki.html](http://proespanol.ru/practica/topiki.html)) сайтынан французша (испанша) мәтіндер және салт-дәстүр, мәдениетке қатысты танымдық бейнежазба түріндегі сабақтар кіреді.

Жұмыстың бұл кезеңінің мынадай негізгі міндеттері айқындалды:

1. Ең аз көлемдегі мәдениеттанушылық материалды анықтау;
2. Қалыптастыру тәжірибесін жүргізу кезеңінде студенттер меңгеретін белгіленген тақырыптарға сәйкес лингвистикалық-елтанушылық ақпаратты таңдап алу;
3. Мәдени құзыреттілікті арттыру, сондай-ақ шет тілін үйренуде қалыпты мотивация қалыптастыру мақсатында лингвистикалық-елтанушылық материалдарды пайдалану арқылы сабақтар дайындап, өткізу;
4. Студенттерді шеттілдік мәдениет негіздеріне тәрбиелеу;
5. Студенттердің ешбір мәдениет тұрақты емес деген түсінігін қалыптастыру;
6. Оларды «мәдени» іс-әрекетке тарту.

Жоғарыда жазылғанның негізінде «Тілін үйреніп жүрген елдің ұлттық өнері, мей-

рамдары мен дәстүрлері» ауызша тақырыбы бойынша сабақтар жүйесі дайындалды. Бұл жүйеде 6 сабақ болды. Әрбір сабақтың жоспар-конспектісіне тілін үйреніп жүрген елдің әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері туралы мәліметтер берілген материал енгізілді.

Студенттердің жас ерекшелігін ескере отырып, көрнекілік, сол сияқты ақпараттық материал берілген құралдар дайындалды.

1-сабақ: Франциядағы «Рождество» (Испаниядағы «Испан ұлтының күні») сабағы – осы елдердегі осы мерекелердің тойлану дәстүрі туралы қосымша лингвистикалық-елтанушылық материал. Сабақта шет тіліндегі құттықтау ашықхаттары, викторина пайдаланылды.

2-сабақ: «L'art de la France» («El arte de la España») – лексиканы пысықтау және студенттердің тілін үйреніп жүрген ел туралы бұрын алған білімін анықтауға мүмкіндік беретін осы тақырыпта пікір білдіру.

3-сабақ: «L'art de la France» («El arte de la España») тақырыбындағы мәтінді тыңдау, кейіннен мәтінмен жұмыс істеу, көрнекілік құралдарын пайдалану және ойын-конкурс өткізу.

4-сабақ: «massaget.kz» сайтының «Саяхатты сүйемін» айдарынан қазақша және [www.memorysecrets.ru/teksty-na...iazyke-s.../teksty-na-francuzskom-iazyke.html](http://www.memorysecrets.ru/teksty-na...iazyke-s.../teksty-na-francuzskom-iazyke.html) және [proespanol.ru/practica/topiki.html](http://proespanol.ru/practica/topiki.html) сайттарынан, [http://www.englishonlinefree.ru/magazin\\_fr.html](http://www.englishonlinefree.ru/magazin_fr.html) © сайтындағы [desirs-de-voyages.fr](http://desirs-de-voyages.fr) журналынан французша ([http://www.englishonlinefree.ru/spanish\\_newspapers.html](http://www.englishonlinefree.ru/spanish_newspapers.html)) © сайтындағы [El País газетінен испанша](http://El_Pais_gazetinen_ispansha)) мәтіндерді оқу, негізгі ақпаратты алу, көрнекілік құралдарын пайдалану.

5-сабақ: [www.studyspanish.ru/support/videos/](http://www.studyspanish.ru/support/videos/), [tvurok.ru/video/obrazovanie/video-uroki-ispanskogo-jazyka](http://tvurok.ru/video/obrazovanie/video-uroki-ispanskogo-jazyka) және [proespanol.ru/practica/videomaterialy.html](http://proespanol.ru/practica/videomaterialy.html), [lingvoelf.ru/video-sp](http://lingvoelf.ru/video-sp) және [french-online.ru/category/](http://french-online.ru/category/)



video/, [online-teacher.ru/french/video](http://online-teacher.ru/french/video), [uroki-online.com/yaziki/spanish/](http://uroki-online.com/yaziki/spanish/) сайттарынан салт-дәстүр, мәдениетке қатысты танымдық бейнежазба түріндегі сабақтар, кейіннен фильммен жұмыс жүргізу.

6-сабақ: көрнекілік материалды пайдалану арқылы «la Marseillaise», «Guantanamo» «la Marseillaise», «Guantanamo» әндерін үйрену.

Бірінші лингвистикалық-елтанушылық сабақтар Франциядағы «Noël» (Испаниядағы «El día nacional de España») мейрамының тойлануына арналды. Бұл сабақтардың мақсаты оқытылатын мәтіннен негізгі лингвистикалық-елтанушылық ақпаратты алу болды. Тәжірибелік топтардың студенттеріне француз тіліндегі «Noël» (испан тіліндегі «El día nacional de España») мәтіні ұсынылды. «Noël» («El día nacional de España») мәтінімен жұмыс жүргізудің мынадай жүйесі әзірленді:

1. Тақырыпты оқып, ол бойынша мәтіннің негізгі мағынасын айқындауға тырысыңыз.
2. Сізге мазмұнды түсінуге көмектесетін мәтіннен кейінгі тапсырмаларды мұқият оқыңыз.
3. Әрбір таныс емес сөздің мағынасын іздеу үшін сөздікке жүгінбей, бүкіл мәтінді көз жүгіртіп оқып шығыңыз. Оның жалпы мағынасын ұғынуға тырысыңыз.
4. Таныс емес сөз сізге мәтіннің жалпы мағынасын түсінуге кедергі жасаған жағдайда ғана сөздікті қараңыз.
5. Оқығаныңыздың жалпы мағынасын ойша елестетіп көріңіз. Оқу процесінде өзіңіз алған жаңа ақпаратты бөліп алыңыз.
6. Мәтіннің қиын тұстарына және таныс емес сөздерге назар аударыңыз және жалпы оның мағынасын түсіну үшін олардың арнайы мағынасы болған-болмағанын анықтауға тырысыңыз.

Оқу процесіндегі маңызды нәрсе – оқығанынан түсінгенін бақылау. Бақылау түрі дәстүрлі (мысалы: мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауаптар), сол сияқты дәстүрлі емес болуы мүмкін. Бақылаудың мұндай түрлеріне ең алдымен квиз (викторина) жатқызылады. Бұл мәтін үшін КТК түріндегі тапсырмаларды да дайындадық. Мұндай тапсырмалардың бірі Рождествоға байланысты сөздерді табу болды. Студенттер жаңа ақпарат алып, бұл тапсырманы оңай орындады, оларға француз (испан) тілінде бірнеше фразаны таңдап алып, өздерінің жақындары мен достарына мынадай құттықтау жазу ұсынылды:

«Joyeux Noël. Je souhaite que vous soyez en bonne santé, sage et fort. Et soyez une bonne fille / garçon.» немесе “Feliz día de nacional. Que tengas suerte, salud y prosperidad”.

Бұл мәтінде лингвистикалық-елтанушылық ақпарат мол, студенттер үшін жаңа тұстары да көп. Олар сабаққа белсенді қатысты. Осының негізінде сабақтардың мақсаттарына қол жеткізілді, яғни оқытылатын мәтіннен негізгі лингвистикалық-елтанушылық ақпарат алынды, демек, шет тілін ары қарай үйренуге мотивация артты деп тұжырымдауға болады.

Келесі 5 сабақта тілін үйреніп жүрген елдердің, яғни Францияның (Испанияның) нақты салт-дәстүрлерін оқу ұсынылды. Сонымен, бұл сабақтарда студенттердің тілін үйреніп жүрген елдердің реалиялары туралы білімін арттыруға, толықтыруға және студенттер өздері білетін ақпаратты тереңдетуге мүмкіндік беретін бейнероликтерді, фотосуреттерді, суреттерді пайдалана отырып, тілін үйреніп жүрген елдер және олардың салт-дәстүрлері туралы ақпарат егжей-тегжейлі талқыланды. Мысал суреттер, географиялық карталар, сондай-ақ тамыры тереңге кететін дәстүрлер туралы ақпарат студенттердің қызығушылығын тудырады.

Мәтінде студенттердің білімін молайту үшін, сондай-ақ өздерінде бар білімді

жетілдіру және бекіту үшін қазіргі таңда да сол елдерде бар дәстүрлер туралы барынша қызықты фактілер болды. Осыларға ұқсас мәтіндер таңдап алынып, жаңа ақпарат қысқаша түрде беріліп отырды, алайда ең негізгі оқиғалар мен әдет-ғұрыптар, сондай-ақ олардың пайда болуы туралы мәліметтерді қамтыды. Бұл мәтіндер студенттерге тыңдауға арналған түрде ұсынылды. Аудиомәтінмен жүргізілетін бүкіл жұмыс 3 кезеңнен тұрады: мәтін алдындағы, мәтіндік және мәтіннен кейінгі.

Аудиомәтінмен жүргізілетін жұмыс барлық студенттердің дауыстап айтылған шет тіліндегі сөздерді түсіну процесін барынша толық әрі тиімді басқаруға мүмкіндік береді, ол сөйлеу әрекетінің түрі ретінде тыңдауға үйренуді біршама жылдамдатады.

4-сабақта студенттерге

“Traditions et coutumes en France ” (Tradiciones y costumbres en España) мәтіні ұсынылды.

Мәтін бойынша тапсырмалар мынадай болды:

1. Тақырыпты оқып, ол бойынша мәтіннің негізгі мағынасын айқындауға тырысыңыз.
2. Әрбір таныс емес сөздің мағынасын іздеу үшін сөздікке жүгінбей, мәтінді оқып шығыңыз. Оның мағынасын мәнмәтін бойынша ұғынуға тырысыңыз. Таныс емес сөз сізге мәтіннің жалпы мағынасын түсінуге кедергі жасаған жағдайда ғана сөздікті қараңыз.
3. Ең ұнаған дәстүр түрін таңдап алып, осы үзінді бойынша реферат дайындаңыз.

“Traditions et coutumes en France ” (Tradiciones y costumbres en España) тақырыбында ақпарат өте мол екенін атап өткен жөн, сәйкесінше, алуан түрлі көрнекілік құралдарын молынан пайдалануды талап етеді.

Жаңа материалды меңгерген кезде сабақта студенттердің белсенділігінің елеулі түрде артқаны, сондай-ақ мәтінді талқылаған кезде біршама белсенді қатысқаны байқалды. Студенттер әсіресе Франциядағы (Испаниядағы) көрнекті жерлердің, сондай-ақ тарихи орындардың, мәдениет ескерткіштерінің суреттерін қараған кезде, сондай-ақ осы елдердің карталарымен де және тарихи оқиғаларға арналған түрлі орындармен танысқан кезде белсенділік танытты.

Екі елдің ең ұнаған дәстүрлері мен өнерін айқындаған кезде барлық дерлік студенттердің осы елдердің сәулет өнеріне, яғни ғибадатханалары мен мұнараларына, музыка өнеріне, театр өнеріне, ауыл шаруашылығының дамығандығына ерекше назар аударғаны көңіл аударарлық жайт болды. Студенттердің бұл елдерде жақсы дамыған салаларға аса қызығушылық танытқаны өз елінің мәдениетімен, өз елінің жағдайымен салыстыру негізінде орын алды деуге болады.

5-сабақта студенттерге француз (испан) тіліндегі лингвистикалық-елтанушылық материалға бай «Mes amis de la France» («Менің Франциядағы достарым») және «Mis amigos de la España» («Менің Испаниядағы достарым») тақырыбында әртүрлі қысқаша танымдық бейнефильмдер ұсынылды. Шет тілін оқытуда кинофильм тыңдауға үйрету үшін, қозғалысқа толы көрнекілік үшін, сабақ үстінде шет тілінде қарым-қатынас жасау жағдайларын туғызу үшін және шет тілін дыбыстау және көзбен көру арқылы қабылдауды қалыптастыру үшін пайдаланылады. Кинофильммен жұмыс жүргізу үш кезеңнен тұрады: көрсетер алдындағы кезең, көрсету кезеңі және көрсеткеннен кейінгі кезең.

6-сабақта шет тілін оқыту мазмұнының ұлттық-мәдени компонентінің элементтерінің бірі ретінде түпнұсқа әндерді пайдаландық.

Қарым-қатынас құралы ретінде тілге деген қызығушылықты сақтай отырып, оған өзгеше мәдениет үлгісі ретінде қарау арқылы қызығушылықты дамыту қажет. Бұл тұрғыда тілін үйреніп жүрген елдің мәдени және рухани мұрасын пайдалану үлкен көмек көрсетеді. бұл үйреніп жүрген тілдің мазмұндық компоненті ретінде сол тілдегі музыкалық, атап айтқанда, ән шығармашылығының үздік үлгілері болуы мүмкін.

Кез келген отбасының өмірінде теледидар және радио бағдарламалары арқылы берілетін музыкалық шығармалар үздіксіз болады. одан бөлек, дыбыстық бейнежазбалардың кең тарауының арқасында, сондай-ақ француз (испан) әндерінің алдыңғы қатарлы музыка мәдениетіне жататындығының арқасында бұл тілдердегі әндер барынша танымал және студенттердің ерекше қызығушылығын тудырады. Үйреніп жүрген тілдегі әндерді пайдалану өте тиімді. Біріншіден, студенттер тілін үйреніп жүрген елдің мәдениетіне басынан бастап қосылады. Екіншіден, осы бір өзіндік ерекшелігі бар лингвистикалық-елтанушылық материал-

мен жұмыс істеу студенттер тұлғасының жан-жақты дамуына алғышарт болады, өйткені арнайы таңдап алынған әндер бейнелі ойлауға бағыттайды және жақсы талғамын қалыптастырады. Ән материалы:

1. Оқытудың мәдени компонентін іске асыруға көмектеседі.
2. Тұлғаның эмоционалдық жағына және мотивациясына ықпал етеді.
3. Бағдарламада көзделген есту-айту, интонациялық және лексикалық-грамматикалық дағды-машықтарын қалыптастыруға және жетілдіруге көмектеседі.
4. Ән материалын таңдаған кезде студенттердің жас ерекшеліктері мен қызығушылықтары міндетті түрде ескеріледі.

Осы сабақтарда үлгі ретінде «la Marseillaise», («Guantanamo») әні таңдалды. Ән арқылы халықтың жанын, мәдениетін тануға болады, ал оқытушы студенттердің осы мәдениетті тану процесінде делдал, түсінік беруші, студенттердің танымдық белсенділігін арттырушы ретінде болады.

### Студенттердің Франция (Испания) мәдениеті туралы жалпы білімін анықтауға арналған тест

#### Француз (испан) тіліндегі тұрақты тіркестер мен мақалдардың қазақ тіліндегі баламаларын табындар:

Француз тілі бойынша:

Gouverne ta bouche selon ta bourse.

Көрпеңе қарай көсіл.

Graissez les bottes d'un vilain,

Жаман иттің ішіне сары май жақпас.

il dira qu'on les lui brûle.

Аштың ақылы астан аспайды.

Homme affamé ne pense qu'à pain.

Темірді қызған кезде бас.

Il faut battre le fer pendant qu'il est chaud.

Il faut tourner sept fois sa langue dans sa

Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі.

bouche avant de parler.

Il ne doit pas aller au bois qui craint les feuilles.

Қасқырдан қорққан орманға бармайды.

Il n'est pire eau que l'eau qui dort  
Il ne faut pas réveiller le chat qui dort.  
Il n'y a si bon cheval qui ne bronche  
Il vaut mieux être fou avec tous que sage seul.  
La belle plume fait le bel oiseau.

La brebis bêle toujours de même.  
La façon de donner vaut mieux que  
ce qu'on donne.  
Patience est amère, mais son fruit est doux.  
A beau mentir qui vient de loin  
Beaucoup de bruit pour rien  
Ecoute beaucoup et parle peu  
Claire comme le jour  
L'affaire est dans le sac  
Savoir écouter c'est un art  
Si tu veux être un bon écrivain, écrit  
L'agent ne fait pas le bonheur  
Pauvreté n'est pas le vice  
La peur grossit les objets.

Үндемегеннен үйдей пәле шығар =  
Жуастан жуан шығар.  
Жатқан жыланның құйрығын баспа.  
Сүрінбейтін тұяқ жоқ.  
Көппен көрген ұлы той.  
Адам көркі – шүберек,  
ағаш көркі – жапырақ.  
Ауру қалса да әдет қалмайды.

Сыйлап берсе, қара су да бал татыр.  
Сабыр түбі сары алтын.  
Өзі жоқтың көзі жоқ  
Түймедейді түйедей қыл  
Аз сөйле де, көп тыңда.  
Тайға таңба басқандай  
Біткен істе берекет бар  
Тыңдай білуде-өнер  
Оқу инемен құдық қазғандай  
Бақыт байлықпен өлшенбес.  
Кедейлік кемістік емес  
Қорыққанға қос көрінеді.

### **Испан тілі бойынша:**

No hay atajo sintrabajo Әрекет болмай, берекет болмас  
Dime con quien andas y te dire quien eres Досыңа қарап, адамды ал  
Es su boca todo son mieles Аузыңа май, астыңа тай  
Quien calla, otorga. Үндемеген үйдей бәледен құтылады  
El que madruga coge la oguga Еңбек етсең ерінбей тояды қарның тіленбей  
La salud es la mayor riqueza Денсаулық-зор байлық  
Se ha juntado Marta con sus pollos Апама жездем сай  
El que lqs cosas aprura pone la vida en Aventura Асыққан- шайтанның ісі  
Mas vale tarde que nunca Ештен кеш жақсы  
Por el hilo se saca el ovillo Асықпаған арбамен қоянға жетеді  
La carga propia pesa menos Етегіңнен төгілген қонышыңа кіреді  
Mal que no tiene cura, quererlo curar es locura Өткен іске өкініш жоқ  
Preguntando se va a Roma Сұрай - сұрай Меккеге жетесің

**2-тапсырма. Choisissez la bonne reponse:**

**Француз тілі бойынша:**

**1. Trouvez la bonne reponse**

Le fleuve le plus long de la France est .....

- A) La Seine
- B) la Loire
- C) le Rhône
- D) la Garonne

**2. Choisissez la reponse correcte:**

Qui est l` auteur de «La Marseillaise».

- A) Eugene Poitier
- B) Rouger de Lisle
- C) Paul Eluard
- D) Paul Verlaine

**3. Choisissez la bonne réponse:**

Les Français fêtent le Noël:

- A) Le 25 novembre.
- B) Le 20 décembre.
- C) Le 25 décembre.
- D) Le 7 janvier.
- E) Le 1-er janvier.

**Испан тілі бойынша:**

**1. Elige la respuesta correcta**

¿Donde esta situada España?

- A) sureste de Europa
- B) suroeste de Europa
- C) sur de Europa
- D) oeste de Europa

**2. Elige la respuesta correcta**

¿Qué países forman la península Ibérica?

- A) Europa
- B) España y Francia
- C) España y Portugal
- D) España y Brazilia

**3. Elige la respuesta correcta**

El lugar famoso en Barselona es...

- A) el Museo
- B) la Sagrada Familia
- C) El cine
- D) El Palacio

Ш. Картамен жұмыс істеуге машықтандыру және шет тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру. (Тақтада – Францияның (Испанияның) картасы).

a) Sur la carte montrez la capital de la France. En la mapa mostrad la capital de España. Францияның (Испанияның) картасынан астанасын көрсетіп, қай жерде орналасқанын айтып беріңдерші.

b) Lisons les noms des lieux interessants. Leemos los nombres los lugares interesantes. Қазір осы елдегі көрнекті жерлермен танысамыз. Атауларын оқимын, соны бәріміз бірге қайталайық (Оқытушы суретті көрсетіп, тақтаға жазылған географиялық атауларды оқиды, студенттер қайталайды, сөздердің айтылуына назар аударады. Студенттер сөздерді кезекпен дауыстап оқиды:

(Франция): tour Eiffel – Эйфел мұнарасы, Notre-Dame de Paris – Париж құдайана соборы, Arc de Triomphe – Салтанат қақпасы, Versailles – Версаль, Mont Saint-Michel - Мон-Сен-Мишель, Côte d’Azur – Көк жағалау, Basilique du Sacré Cœur - Базилика Сакре-Кёр, Musée d’Orsay - Орсе мұражайы, Alpes – Альпі таулары, Musée du Louvre – Лувр, Marne-la-Vallee / Chessy — Parcs Disneyland – Париж Диснейленді, Opéra Garnier – Гарнье операсы).

(Испания): la Sagrada Família – Киелі отбасы ғибадатханасы, Alhambra – Альгамбра, Parque Güell – Парк Гуэль, Mezquita – Мескита, Museo Nacional del Prado – Прадо музейі, Barrio Gótico – Готикалық квартал, Palacio Real de Madrid – Мадридтегі король сарайы, Camp Nou– Камп Ноу, Costa

del Sol – Коста-дель-Соль, Museo Thyssen-Bornemisza – Тиссен-Борнемиса мұражайы және т.б.).

Студенттерге бірқатар грамматикалық, орфографиялық тапсырмаларды орындау ұсынылады. Студенттер өздеріне жақсы таныс лексиканы пайдалану арқылы грамматикалық машықты қалыптастыруға бағытталған жаттығуларды өз бетінше орындауы тиіс. Грамматикалық жағынан дұрыс құрылған сөйлем шығуы үшін сөйлемдегі сөздерді дұрыс қойып шығу ұсынылды.

Il faut lire le texte et faire les exercices sur la France. Leemos un texto y hacemos los ejercicios sobre España

Балалар, жаттығуда Франция (Испания) туралы қызықты деректер берілген. Сөйлемдегі сөздердің орналасу тәртібі дұрыс емес. Дәптерге сөз тәртібін дұрыс қойып жазайық.

Француз тілі бойынша:

La France, située dans la partie sud - ouest de l'Europe, est un riche et beau pays. Elle est limitée au nord par la Manche et par la mer du Nord qui la séparent de l'Angleterre; au nord - est par la Belgique, le Luxembourg et la République Fédérale d'Allemagne; à l'est par la Suisse et au sud - est par l'Italie, au sud par la Méditerranée et l'Espagne; à l'ouest par l'océan Atlantique.

La France est un pays de plaines et de montagnes. Les montagnes les plus hautes sont les Alpes et les Pyrénées. Les Alpes séparent la France de l'Italie, les Pyrénées la séparent de l'Espagne. Les autres montagnes sont: le Jura, les Vosges et le Massif central.

La France est arrosée par quatre fleuves principaux: la Seine qui se jette dans la Manche; la Loire et la Garonne qui se jettent dans l'océan Atlantique et le Rhône qui se jette dans la Méditerranée. Ces fleuves sont navigables et relies par des canaux.

Le drapeau français est tricolore: bleu, blanc, rouge.

L'hymne de la République française est la Marseillaise.

Le coq est le symbole de la France. Il symbolise la fierté du peuple français. Le buste de Marianne symbolise la République.

Испан тілі бойынша:

La Península Ibérica, formada por España y Portugal, está situada al suroeste de Europa. España, cuya superficie es de 504.516 km<sup>2</sup>, ocupa la mayor parte de la Península y tiene una población de 28 millones y pico de habitantes. España limita al norte con Francia, formando los Pirineos una frontera natural entre ambos países; al oeste con Portugal, al sur con el Océano Atlántico y el Estrecho de Gibraltar que la separa de África y al este con el mar Mediterráneo. Las costas del norte están bañadas por el mar Cantábrico.

España es un país muy montañoso. Las montañas más altas del territorio español están en Sierra Nevada. Mulhacén (3482) es el pico más alto de esta cordillera. Los principales ríos de España son: el Ebro, que desemboca en el Mediterráneo, el Duero, el Tajo, el Guadiana y el Guadalquivir, único río navegable, que desemboca en el Atlántico. El clima de España es muy variado: en el centro frío y seco en invierno, y caluroso en verano; húmedo y templado en el norte y caluroso en el sur.

España es un país agrícola. Es muy rica en cereales: trigo, centeno, cebada, avena. Tiene mucha importancia el cultivo de la vid y del olivo.

### **ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘЖІРИБЕЛІК-ӘДІ-СТЕМЕЛІК ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ-НЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН ТАЛДАУ**

Лингвистикалық-елтанушылық материалдарды пайдалану арқылы жүйелі сабақтарды өткізгеннен кейінгі мақсатымыз жүргізген жұмысымызды қорытындылап, студенттердің білім алуында алға басушылықтың бар-жоғын, шет тілін үйренуге деген қызығушылығының өзгерісін анықтау болды.

Зерттеу жұмысын қорытындылау үшін мынадай міндеттерді айқындаймыз:

1. Қорытынды тексеру жүргізу, мұндағы мақсатымыз – студенттердің лингвистикалық-елтанушылық материалдарды меңгеру деңгейін тестілеу түрінде анықтау;

2. Мыналарды орындауға:

а) студенттердің осы тобына таңдалған лингвистикалық-елтанушылық материал көлемін студенттердің білуін қадағалауға;

б) студенттердің білім алуында алға басушылықтың бар-жоғын анықтауға мүмкіндік беретін лингвистикалық-елтанушылық ақпарат көлемін қамтитын тест тапсырмаларын дайындау.

3. Қорытынды тексеру жүргізу барысында алынған деректерді бастапқы деректермен салыстыру және студенттердің шет тілін меңгеруге деген мотивациясын көтерудің тиімді құралы ретінде лингвистикалық-елтанушылық материалдарды пайдаланудың тиімділігі туралы тұжырым жасау.

Жоғарыда жазылған міндеттерге байланысты мынадай әдістерді қолдандық:

1. Сауалнама жүргізу әдісі (студенттердің тілін үйреніп жатқан елдің мәдениеті мен салт-дәстүрлері туралы білімін қайталап тексеру).

2. Тестілеу әдісі студенттердің лингвистикалық-елтанушылық материалдарды білу деңгейінде оң өзгерістер бар деуге мүмкіндік береді.

3. Алынған деректерді талдау әдісі.

Жүргізілген тестілеу нәтижесі мынаны көрсетті:

Бұл сауалнаманың мақсаты студенттердің шет тілін үйренуге қаншалықты ұғынып қарайтынын және олардың шет тілін ары қарай үйренуден не күтетінін, студенттердің өз болашақ кәсіби қызметін осы шет тілдерімен қалай байланыстыратынын анықтау болды.

Сонымен, шет тілін оқыту әдістемесінде әлеуметтік-мәдени компонентті оқыту процесіне қоспайынша, шет тілін оқыту мазмұ-

ны болмайды. Жоғарыда аталған оқыту әдістері мен тәсілдерін тұрақты және жүйелі пайдалану әлеуметтік-мәдени компонентті қалыптастыруға көмектеседі. Оқытуда бұл бағытты іске асыру тіл үйренушінің сабақтағы мотивациясын, белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Демек, шет тілі бойынша білім алуға деген және дағдыларды меңгеруге деген қажеттілігі туындайды.

Тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілігін оқыту мазмұны мен ұйымдастырылуын міндетті түрде елтанушылық ақпаратпен толықтыру қажет.

Егер оқытудың мазмұнында шет тіліндегі материалды меңгерудің әлеуметтік-мәдени компоненті толығымен іске асырылса, шет тілін меңгеру процесі шығармашылық процеске айналады, тіл үйренушінің өзі үшін тілін үйреніп жүрген елмен танысуға, сол тілде сөйлейтін адамдардың менталитетімен, сондай-ақ тіл үйренушілердің пәнге деген қызығушылын арттыру және тілді ұғынып меңгеру құралына айналады.

Шет тілдік қарым-қатынасты меңгеруде айтарлықтай сапалы нәтижелерге қол жеткізуде, тіл үйренушілердің коммуникативтік құзыреттілікке қабілетін дамыту ретінде шет тілін оқытудың стратегиялық мақсатын іске асыруда шет тілін оқыту мазмұнының әлеуметтік-мәдени компонентінің рөлі үлкен.

Шеттілдік мәдениетті оқыту ретінде шет тілін оқытқан кезде сөздік қордың негізін мағыналары мен қолданылу ерекшеліктерін ескере отырып, ең жиі қолданылатын коммуникативтік маңызы үлкен лексикалық және фразеологиялық бірліктер (баламасыз және фондық лексиканы меңгеру) құрайды.

Шет тілін меңгерген кезде ұлттық мәдениеттің барлық компоненттерін (тұрыс қалпын, ым-ишараны, әлеуметтік таңбаларды, сөйлеу этикетін) білу, сондай-ақ фондық білім тілдік және тілдік емес мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру үшін негіз болады.

Салыстыру нәтижесінде студенттер тапсырмаларды орындауға салғырт қарап орындаған, біраз қиындықпен орындаған бірінші кезеңге қарағанда екінші кезеңде сабаққа қызығушылығы артқаны анықталды. Лингвистикалық-елтанушылық материалдарды пайдалану эмоционалдық жағдайдың жақсаруына, студенттердің, тіпті тіл үйренуге қабілеті нашар студенттердің де белсенділігінің артуына мүмкіндік берді. Бүкіл сабақ барысында студенттердің бар зейіні сабаққа ауып, оқуға жаппай қатысты. Бақылау көрсеткендей, бірінші кезеңде біршама селқостық орын алып, студенттердің

назарын үнемі сабаққа аударып отыруға тура келді, жаңа сабақты түсіндіру үрдісі ұзақтау болды, материалдың күрделілігінен студенттердің сабаққа деген ықыласы мен қызығушылығы төмен болды.

Нәтижелерді жинақтап, қорытқаннан кейін француз және испан тілдері сабақтарында лингвистикалық-елтанушылық материалдарды пайдалану студенттердің шет тілін үйренуге деген ықыласын тудырып, ынтасын арттыруда тиімді жолдардың бірі екенін анықтадық. Сондай-ақ мұндай материалдарды тек жүйелі түрде пайдалану ғана оң нәтиже береді деген тұжырымға келдік.

---

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

[1] Исмагулова Р.С. Коммуникативтік құзыреттіліктің шет тілін оқып үйренудегі рөлі // Известия НАН РК. - 2015. - № 2(300). - С. 186-190.

[2] Жанысбаев Д.С. Шет тілін оқыту процесінде мәдениет аспектісінің маңызы // Жанұя мен мектептегі тәрбие = Воспитание в семье и школе. – 2012. – №4. – 6-7 бб.

[3] Ибрагимова Ж.С. Шет тілін оқытудағы негізгі ұстанымдар // Орта мектеп жаршысы = Вестник средней школы. – 2013. – №3. – 3-б.

[4] Ахметова Г. Шет тілін оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудағы кейбір мәселелер // Ұлағат. – 2007. – №6. – 12-17 бб.

[5] Нұртаева А.Б. Мәдениетаралық коммуникация – жалпы білім беретін оқу орындарындағы шетел тілін оқытуда оқу процесін дамыту құралы // Тіл әлемі. II том (Белгілі ғалым М.М. Копыленконың 85 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары).

[6] Нұрманалиева А.С. Педагогикалық колледж студенттерінің әлеуметтік – мәдени құзыреттілігін қалыптастыру.

[7] Кутанова Д.Ш. Шетел тілі сабақтарындағы ойын технологиясының тиімділігі // Еуразия гуманитарлық институты Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдардың қазіргі мәселелері: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 2013 жылғы 19 желтоқсан, Астана, 2013. = Современные проблемы гуманитарных и социальных наук: материалы республиканской научно-практической конференции. 19 декабря 2013 года, Астана, 2013.